

Д.К. Жекенов , А.Е. Мухаметжан 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: mukhametzhan.akbota@gmail.com

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ

Бүгінгі таңда халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттің рөлі оның тек әлем елдерімен қарым-қатынасының деңгейіне ғана емес, географиялық көршілес орналасқан мемлекеттермен қарым-қатынасына да тікелей байланысты екені байқалады. Осы себепті Қазақстан мен Қырғызстан елдері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды дамытуға және нығайтуға екі елдің географиялық орналасуының жақындығы, тарихтағы терең байланысы, тілдерінің, мәдениетінің және салт-дәстүрінің ортақ тұстары сенімді негіз бола алады. Қырғызстан мемлекетімен ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның сыртқы саясатының басты міндеттерінің бірі болып қалмақ. Көршілес мемлекетпен арадағы татулықты сақтай отырып, жылдар бойы қалыптасқан тұрақты қарым-қатынасты дамыту Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі.

Мақаланың мақсаты – екі елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың дамуының ғылыми еңбектердегі зерттелу деңгейін қарастыру. Сонымен қатар зерттеу барысында екі елдің дипломатиялық қарым-қатынастарына Қазақстандық, Қырғызстандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың көзқарастарын талдау.

Түйін сөздер: Қазақстан, Қырғызстан, екіжақты ынтымақтастық, дипломатиялық қарым-қатынас, зерттелу деңгейі

D.K. Zhekenov, A.E. Mukhametzhan*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: mukhametzhan.akbota@gmail.com

The Level of Study of Diplomatic Relations between Kazakhstan and Kyrgyzstan in Scientific Works

Currently, it is clear that the role of the state in the system of international relations directly depends not only on the level of its relations with the countries of the world, but also on relations with the states of the geographical neighborhood. For this reason, a reliable basis for the development and strengthening of diplomatic relations between Kazakhstan and Kyrgyzstan is the proximity of the geographical location of the two countries, deep ties in history, common features of languages, culture and traditions. The development of cooperation with Kyrgyzstan is one of the main objectives of Kazakhstan's foreign policy. The development of stable relations that have developed over many years, with the preservation of peace with the neighboring state, is one of the main factors ensuring the national security of Kazakhstan.

The purpose of the article is to consider the level of study in scientific works of the development of diplomatic relations between the two countries. The study also analyzed the approach of Kazakh, Kyrgyz and foreign research scientists to the diplomatic relations of the two countries.

Key words: Kazakhstan, Kyrgyzstan, bilateral cooperation, diplomatic relations, level of study

Д.К. Жекенов, А.Е. Мухаметжан*

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г.Алматы,
e-mail: mukhametzhan.akbota@gmail.com

Уровень изученности дипломатических отношений Казахстана и Кыргызстана в научных трудах

В настоящее время безусловно роль государства в системе международных отношений напрямую зависит не только от уровня его взаимоотношений со странами мира, но и от отношений с государствами географического соседства. По этой причине надежной основой для развития и укрепления дипломатических отношений между Казахстаном и Кыргызстаном является близость географического положения двух стран, глубокие связи в истории, общие черты языков, культуры и традиций. Развитие сотрудничества с Кыргызстаном является одной из главных задач внешней политики Казахстана. Развитие стабильных отношений, сложившихся на протяжении

многих лет, с сохранением мира с соседним государством, является одним из основных факторов, обеспечивающих национальную безопасность Казахстана.

Цель статьи – рассмотреть уровень изученности в научных трудах развития дипломатических отношений между двумя странами. Также в ходе исследования были проанализированы подходы казахстанских, кыргызских и зарубежных ученых-исследователей к двусторонним отношениям.

Ключевые слова: Казахстан, Кыргызстан, двустороннее сотрудничество, дипломатические отношения, степень изученности

Кіріспе

Екі елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты орнату және ары қарай тұрақты түрде дамытып отыру елдегі экономикалық және әлеуметтік дамуға тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, қазіргі кезде мемлекеттер арасындағы бейбітшілікті сақтауды ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бір факторы ретінде қарастырсақ болады. Ал біздің жағдайымызда, Қазақстан мен Қырғызстан географиялық жағынан көршілес, тарихи және мәдени жақындығын ескере отырып, екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың қалыптасуын зерттеу, оның даму бағыттарын талдаудың маңызы зор. Кезкелген мемлекеттің сыртқы саясатты жүргізудегі, дипломатиялық қарым-қатынас орнатудағы алғашқы қадамы – көршілес мемлекеттермен тұрақты қарым-қатынас ортанудан бастау алуы қажет. Көршілес мемлекетпен арадағы татулықты сақтай отырып, жылдар бойы қалыптасқан тұрақты қарым-қатынасты дамыту Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. Ең алдымен Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қарым-қатынастың болашағына болжам жасамас бұрын, мақалада екі елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың дамуының Қазақстандық, Қырғызстандық және шетелдік ғылыми еңбектердегі зерттелуін қарастырамыз. Сонымен қатар зерттеу барысында екі елдің дипломатиялық қарым-қатынастарына қандай ішкі және сыртқы факторлар әсер еткені сипатталған.

Мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың дамуының ғылыми еңбектердегі зерттелу деңгейін қарастыру және екі елдің дипломатиялық қарым-қатынастарына Қазақстандық, Қырғызстандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастарын талдау.

Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 15 қазанында ресми түрде бекітілді. «Қырғыз

Республикасы мен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы ең алғашқы шарт» 1991 жылғы 18 ақпанда Алматы қаласында жасалды (ДоДиС, 1991)¹. Шартқа сәйкес егеменді мемлекеттердің өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, ғылымды, білім беруді, қоршаған ортаны қорғауды, халықтың көші-қонын дамыту саласындағы жан-жақты мәселелер бойынша халықаралық құқық қағидаттары мен мүдделерін ескере отырып қабылдады (Бостанкулова М, 2019).

Одақтастық қатынастар туралы шарт негізінде ынтымақтастықтың тиімді екіжақты институционалдық базасы қалыптастырылды, екі жақты іс-қимылдың мынадай органдары құрылды:

- Мемлекет басшылары басқаратын Жоғары Мемлекетаралық Кеңес;
- Үкімет басшылары басқаратын қазақ-қырғыз үкіметаралық кеңесі.
- Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы Сыртқы істер министрлерінің кеңесі.

Дипломатиялық қатынастар орнаған сәттен бастап қазақ-қырғыз ынтымақтастығы жаңа серпінге ие болды, шын мәнінде тату көршілік, достық және серіктестік сипатта бола бастады. Мәселен, мемлекеттер арасында мемлекетаралық өзара іс-қимылдың барлық салаларын қамтитын ауқымды шарттық-құқықтық база құрылды. Ал бүгінгі таңда 180-нен астам мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарға қол қойылды. Бұл ретте олардың негізгілері Қазақстан – Қырғызстан ынтымақтастығының жалпы стратегиялық мақсаттары, тұжырымдамалық тәсілдері мен ұзақ мерзімді және тұрақты даму бағыттары айқындалған «Мәңгілік достық туралы және одақтастық қатынастар туралы шарт» болып табылады (МДТШ, 1998)². Екіжақты ынтымақтастықты

¹ ДоДиС – Договор о дружбе и сотрудничестве между Казахской Советской Социалистической Республикой и Республикой Кыргызстан в г. Алма-Ате 18 февраля 1991 г

² МДТШ – Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты (МДТШ) бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 қараша N 287-І

күшейтуде жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер мен келіссөздер де негізгі рөл ойнайды. Тәуелсіздік жылдарында екі ел арасында іс-шаралар, түрлі деңгейдегі кездесулер өтті, сонымен қатар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі келісімдерге қол қойылды (Дюшекеев Д, 2021).

Жалпы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасында тәуелсіздік жылдарында екіжақты қатынастардың берік негізі қаланды. Бүгінгі күнде екі ел арасында ешқандай аумақтық шағымдар мен саяси қайшылықтар жоқ деп айтуымызға болады, алайда су ресурстарын бөлу мәселесі екі ел үшін де әлі нүктесі қойылмаған мәселе. Қазақстан мен Қырғызстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМД, ҰҚШҰ, ЕАС және ШЫҰ шеңберінде тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Екі мемлекеттің қарым-қатынасындағы өзекті мәселелер кездесулер мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіліп келеді, бірақ қазіргі кезде халықаралық деңгейде болып жатқан қайшылықтар Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынасқа әсерін тигізуі әбден мүмкін. Дипломатиялық қарым-қатынастар, экономикалық және саяси өзгерістер кезінде Қазақстан мен Қырғызстанның қарым-қатынасын барынша тұрақты сақтау маңыздылығы жоғары.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қазіргі таңда екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың дамуы, оған әсер етуші әртүрлі факторларды зерттеу сонымен қатар даму перспективалары мен кездесетін мәселелер ғылыми еңбектерде зерттелуде, оған дәлел Қазақстандық, Қырғызстандық және де шетелдік авторлардың еңбектері. Олай болса жекелей ғылыми еңбектерде екі жақты байланыстың зерттелу деңгейіне тоқталып өтеміз.

Қазақстандық авторлар, зерттеушілердің арасынан М.Т. Лаумулин Орталық Азия мемлекеттерінің қарым-қатынастарына, жалпы тәуелсіз ел болып қалыптасу кезеңіне өте кең тоқталған. Сонымен қатар жекелей алғанда осы қалыптасу жолында Қазақстан моделі мен Қырғызстан моделіне тоқталған. Автордың пікірі бойынша Қазақстанға қатысты елдегі қазіргі жағдайды анықтайтын екі фактор бар. Біріншісі-қазақтар ұлттық-мемлекеттік құрылыс міндетін тез арада орындады, яғни барлық саяси, әкімшілік, экономикалық және қаржылық тетіктерді игерді. Қазақстан өзінің ұлттық келбетін

қалалардың, көшелер мен аландардың жаңа атауларымен және Ұлттық атрибутиканы енгізумен қатар алды. Қазақстанды посткеңестік бірқатар басқа мемлекеттерден ерекшелендіретін екінші фактор-орыстандырудың, дәлірек айтсақ-аккультуризацияның айқын дәрежесі екенін атап көрсеткен. Қырғызстанға келетін болсақ автордың «Қазіргі Қырғызстанның халықаралық жағдайы және ішкі саяси дамуы» мақаласында Қазақстан мен Қырғызстанның қарым-қатынасына тоқталып өткен. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 27 қарашада Қырғызстанға алғашқы екі күндік мемлекеттік сапармен барғанын және бұл көршілес орналасқан республикамен қарым-қатынасын нығайтуға деген талпыныс екенін атап өтті. Сонымен қатар Қырғызстанмен екіжақты қарым-қатынасты Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астана үшін басты басымдылықтардың бірі деп атап айтты. Автордың айтуынша екіжақты қатынастарды қалыпқа келтіру процесі 2017 жылғы президенттік сайлаудан кейін басталды, сол кезде ынтымақтастықтың «Жол картасына» қол қойылды (Лаумулин М, 2020).

А.М. Джумагулов Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы көші-қон мәселесін зерттеп, өз зерттеулерінде екі елдің көші-қон саласындағы екі жақты ынтымақтастықтың саяси, құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілерін қарастырып, тиісті құқықтық базаны талдаған. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың стратегиялық маңыздылығына қорытынды жасаған. Сонымен қатар, Қырғыз Республикасының Қазақстанмен көші-қон саласындағы екіжақты ынтымақтастығының басым бағыттары ретінде құқық қорғау органдары мен көші-қон қызметтерінің өзара іс-қимыл деңгейін арттыру, көші-қон процестерін заңнамалық реттеу, еңбек көші-қонын реттеу туралы келісімдер жасасу болып табылатындығын атап айтқан (Джумагулов, 2018).

Қырғыз авторлары қатарынан С.Б. Макеева, А.Р. Онолбекова Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы экспорттық қарым-қатынастың дамуы және экономикалық қарым-қатынастағы мәселелер туралы жазса, әлеуметтік-саяси өзгерістер кезеңінде Қазақстан мен Қырғызстанның дипломатиялық қатынастарының дамуын зерттеген М.Т. Бостонкулова өз мақаласында сипаттаған. Екі елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 2000 жылдан бастап дамығандығын және 2003 жылы Қырғызстан президентінің Қазақстанға сапары кезінде Одақ-

тас қатынастар туралы келісім шарт және екі ел арасындағы экономикалық интеграция туралы іс-әрекет жоспарына қол қойылғандығы айтылған. Автор сонымен қатар, екі ел арасында дипломатиялық даулы мәселелердің де барып атап көрсеткен, соның бірі КСРО кезеңінен бастап шаруашылық жүргізуші субъектілерден қалған қарыздар мәселесін қарастырған. (Бостонкулова, 2019).

У.Ж.Мамытов Қазақстан мен Қырғызстанның 1991-1998 жылдар аралығында мемлекетаралық қатынастарын қарастырған, яғни тәуелсіздік алғаннан кейін екі мемлекет көптеген сыртқы саясатын жүргізуде қиындықтарға кездесті. Автордың пікірінше, қазақ-қырғыз байланыстарын дамытуда Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 1998 жылғы желтоқсандағы Қырғызстанға сапары маңызды рөл атқарды. Келіссөздердің қорытындысы бойынша қазақ-қырғыз тараптары екіжақты қатынастарды нығайту және сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту саясатын жүргізуді жақтады. У.Ж. Мамытов сонымен қатар, Қазақстан мен Қырғызстанның 1991-1996 жылдар аралығында сауда-экономикалық қатынастарының дамуы жайлы жазған. Екі ел арасындағы қол жеткізілген уағдаластықтарды нығайту мен іске асыруда Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі белсенді рөл атқарғанын айтады. Оның қызметі 1994 жылдың тамызынан басталып, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан президенттері арнайы өзара келісімге қол қойған. Бұл екі елдің тек қана экономикалық байлынысына емес, дипломатиялық тұрғыдан тұрақтылық қарым-қатынасын сақтап отыруына ықпалын тигізді деген пікір білдіреді (Мамытов У, 2017).

Шетелдік зерттеуші ғалымдар тарапынан жалпы Орталық Азия мемлекеттеріне деген орасан зор қызығушылықты байқаймыз, соның ішінде ресейлік авторлардың аймақты зерттеуге деген талпынысы жоғары. Атап айтатын болсақ, ресейлік авторлар А.С. Гаева және С.В. Рязанцев Евразиялық аймақтағы көші-қон мәселесіне, А.И. Бурцев заманауи кезеңдегі Қазақстан мен Қырғызстанның қарым-қатынасының даму бағытын сипаттаған. С.Ю. Головина (Ресей), К.С.Раманкулов (Қырғызстан), К.Л. Томашевский (Белорусь Республикасы) жыне М.Х. Хасенов (Қазақстан) COVID-19 пандемиясы жағдайында ЕАЭО мемлекеттеріндегі еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру тәжірибесі мақалада Ресей, Беларусь, Қазақстан

және Қырғызстанға тоқталған. Аталған елдердің еңбек құқығы пандемия жағдайында қалай жұмыс жасайтындығына тәжірибе жүргізіп, салыстырмалы талдау жасаған.

Цукуба университетінің әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры Т. Дадабаев Орталық Азия мемлекеттері Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстандағы қайта құру процесіне тоқталған. Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстанның егде жастағы азаматтарымен сұхбатқа сүйене отырып, бұл мақалада олардың қайта құру процесін бағалауы және осы процеске қазіргі көзқарасын зерттеген. Бұл бағалаулар екі негізгі позициядан жасалады. Біріншіден, олар қарапайым азаматтардың қайта құру жылдарында өмірлерінде болған түрлі оқиғалар туралы естеліктерін білдіреді. Екіншіден, олар қайта құру жылдарын респонденттердің қазіргі посткенестік өмір сүру жағдайлары тұрғысынан қарастырады. Осылайша, бұл қайта ойластырулар қоғамның қазіргі өмірге деген көзқарасын да көрсетеді (Дадабаев Т, 2016).

Үндістандық жазушы, Таяу Шығыс, Орталық және Оңтүстік Азия бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген Дилип Хиро «Inside Central Asia» еңбегінде Орталық Азия мемлекеттерінің саяси және мәдени тарихына тоқталған. Автор Қазақстан және Қырғызстан Республикалары туралы келесі пікірлерлерді білдірген. Қазақстанды ірі державалар қарайтын өсіп келе жатқан мұнай мемлекеті ретінде қарастырса, Қырғызстандағы «қызғалдақ төңкерісі» деген атпен танымал Орталық Азиядағы ерекше төңкеріске тоқталған. Бүкіл ел арасында өрбіген бұл ревалюция, Қырғызстандықтар үшін еш жәбірленушісіз президентті өз лауазымынан кетуге мәжбүр еткендігі айтылған. Сонымен қатар Қазақстан мен Қырғызстанға тән тағы бір ерекшелік ретінде, Совет Одағы кезінде 1930 жылы қабылданған шаруашылықты біріктіруді атап айтады. Ол Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан шаруаларына қиындық тудырды. Нәтижесінде көрші елдер арасында қалыптасқан көші-қон салдарынан қазақтар және қырғыздардың өз мемлекеттеріндегі саны айтарлықтай азайғанын атап көрсеткен (Dilip Hiro, 2009).

Аталған тақырыпқа қатысты зерттеулерге шолу барысында Қазақстан мен Қырғызстанның дипломатиялық қарым-қатынасының дамуын, оның кезеңдерін Қазақстандық авторлармен салыстырғанда Қырғызстандық авторлар тарапынан көбірек зерттелгені байқалады. Шетелдік

авторларға келетін болсақ, Орталық Азияға деген қызығушылықты көптеген зерттеушілерден көреміз, соның ішінде Ресейлік, Беларусь, Жапония және Үндістандық авторлар өз еңбектерінде Қазақстан мен Қырғызстанның дипломатиялық, экономикалық, саяси, сауда қарым-қатынастарына жан-жақты тоқталған.

Теориялық-методологиялық базасы

Ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи, мәдени, тіл және дәстүр ортақтастығы бар екі мемлекеттің бауырластығы, достығы және өзара түсіністігін және жан-жақты ынтымақтастығын дамыту үшін арнайы құжат «Мәңгілік достық туралы шартты» Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы Алматыда 1997 жылы 8 сәуірде бекітті. Шартқа сәйкес елдер арасындағы көршілік қарым-қатынасты нығайту екі мемлекет халқының да түпкі мүдделеріне сәйкес келеді деп санай отырып, біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде екі елдің экономикалық ынтымақтастығын тереңдету, әрі қарай дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, шаруашылық субъектілер арасында тікелей байланыстар орнату қажеттігі көрсетілген. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қарым-қатынасты дамыту және оны жаңа сапаға көшіру мақсатында екі ел 25 бап негізінде белгісіз уақыт аралығына уағдаласты (МДТШ, 1997)¹.

Халықаралық қатынастар теориясында саяси реализм бағыты мемлекеттер өздерінің күштерін, ықпалын арттыру үшін екі түрлі тәсілді қолданады: дипломатия және әскери стратегия. Қарым-қатынасты орнатуда бейбіт тәсіл дипломатияның күші жетпесе, мемлекеттер әскери тәсілге жүгінуі мүмкін. Мемлекеттердің өзінің ұлттық мүддесін барынша қанағаттандыру жолында әрекет етуінің нәтижесінде, халықаралық сахнада белгілі бір күш тепе-теңдігі орнайды. Бұндай тепе-теңдік халықаралық тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етіп сақтаудың бірден-бір мүмкін жолы. Ал кез-келген мемлекет өзінің қарым-қатынасын көршілес мемлекеттерден бастайтыны анық. Осыған сәйкес, Қазақстан мен Қырғыз Республикалары арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты зерттеу бойынша әдебиеттерді талдау екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың қалыптасуы мен даму мәселесіне бірыңғай

теориялық және әдіснамалық көзқарастың маңыздылығын көрсетеді. Мақаланы жазу барысында деректерді қайталама талдау әдісі және тарихи-хронологиялық әдіс кеңінен қолданылды. Деректерді қайталама талдау әдісі арқылы өзге зерттеуші ғалымдардың тақырыпқа сай жазылған еңбектерін көзқарасы бойынша жүйеліп, зерттеулер негізінде қалыптасқан тенденцияны анықтауға көмегін тигізді. Тарихи-хронологиялық әдіс екі ел тәуелсіздік алған уақыттан бастап қарым-қатынастың даму бағытын, осы уақытқа дейін қабылданған маңызды екіжақты келісім шарттарды және зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып қарым-қатынаста туындаған мәселелерді қарастыру мүмкіндік берді.

Ойталқы және нәтижелер

Мемлекеттер арасындағы достық, стратегиялық-әріптестік қатынастарды дамыту мен қолдаудың басты негіздерінің бірі «Мәңгілік достық туралы шартта» да көрсетілгендей сауда-экономикалық ынтымақтастық болып табылады. Дипломатиялық қарым-қатынасты тұрақты түрде орнату, экономикалық тұрғыдан да екі мемлекет үшін тиімді ынтымақтастық екенін байқауымызға болады. Қазақстан Қырғызстанның негізгі сауда саласындағы серіктестерінің бірі болып табылады. Қазақстандық инвесторлар, бизнес-құрылымдар, кәсіпкерлер Қырғызстан Республикасының нарығында өте белсенді жұмыс жасауда. 2021 жылдың қыркүйек айындағы ресми мәліметке сүйенсек Қырғызстанда Қазақстандық капиталдың қатысуымен жұмыс жасайтын 300-ден астам бірлескен кәсіпорын тіркелген, ал Қазақстанда қырғыз капиталының тартылуымен 250-ге жуық бірлескен кәсіпорын жұмыс жасайды (Дюшекеев, Д. Интервью, 2021). Екі ел арасындағы достық қарым-қатынас ұзақ жылдар бойы жалғасын тауып келеді, дегенмен зерттеушілер осы уақыт аралығында екі елдің арасындағы әр сала бойынша байланысты зерттеп, маңызды мәселелер ретінде келесілерді қарастырған.

Қазақстан мен Қырғызстанның арасындағы 1991-1998 жыл аралығындағы дипломатиялық қарым-қатынасына У.Ж. Мамытов тоқталған. Қырғызстан үшін жаһандану жағдайында одан әрі экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін және Орталық Азия аймағындағы өз позициясын нығайту үшін сенімді стратегиялық серіктес болғаны жөн. Ол үшін ең алдымен

¹ МДТШ – Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты (МДТШ) бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Заңы, 8 сәуір 1997 жыл.

аймақтағы көршілес мемлекеттер арасынан ортақ мүддесі бар және даму перспективасы бар елді іздеу қажет. Сонымен қатар осы тұста ескере кететін жайт, Қырғызстанның географиялық жағдайы оны әлемнің басқа аймағымен интеграциялану процесін едәуір қиындатады. Ал Қазақстан аумағы арқылы Қырғызстан Ресейге, Еуропаға және одан ары әлемнің қалған бөлігіне шығуға мүмкіндік алады (Қазақстан көліктің барлық түрлері бойынша Қырғызстанға транзиттік қызметтердің шамамен 80% – қамтамасыз етеді). Сол себепті Қырғызстан үшін Қазақстанмен қарым-қатынасты тарихи қалыптасқан стратегиялық одақты геосаяси және экономикалық тұрғыдан тиімділігін ескере отырып дамытқаны дұрыс. Қазақстан болашақта Қырғызстан үшін негізгі экономикалық және саяси серіктестерінің рөлін сақтайды деген пікір білдірген.

Алайда А.М. Джумагулов өз мақаласында Қырғыз Республикасының халықаралық-құқықтық саясаты халықаралық қатынастар саласын құқықтық қамтамасыз ету саласындағы көптеген мәселелерін шешуге бағытталу қажет екенін және жұмыс күшін экспорттаушы Қырғызстан үшін де, аймақтағы көшбасшы жұмыс күшін қабылдаушы Қазақстан үшін де көші-қон мәселелерін шешу халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық және әлеуметтік салаларында осы саясатты іске асырудың стратегиялық және басым бағыты болып табылатынын атап айтты.

Қазақстандық зерттеушілердің көзқарасы бойынша Қырғыз Республикасы үшін қазіргі жаһандану жағдайында одан әрі экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, өз позициясын күшейту үшін Орталық Азиядан сенімді стратегиялық серіктес қажет. Осы тұста тағы бір ескере кететін ақпарат, Қырғызстанның географиялық жағдайы оны әлемнің басқа аймағымен интеграциялану процесін едәуір қиындататыны. Ал Қазақстан аумағы арқылы Қырғызстан Ресейге, Еуропаға және одан ары әлемнің қалған бөлігіне шығуға мүмкіндік алады. Сол себепті Қырғызстан үшін Қазақстан маңызды стратегиялық серіктес, алайда зерттеушілер сонымен қатар құқықтық салада, көші-қон мәселелерін реттеуде, су ресурстарын бөлуде кездесетін мәселелерді шешу керек екендігін ескерткен.

Қазақстан мен Қырғызстан арасында шешімін таппаған су қатынастары мәселелеріне қырғызстандық автор М.Т. Бостанкулова тоқталған, сумен жабдықтау және су ресурстарын әділ бөлу мәселелері өткір болып қала береді, сонымен

қатар олар шекаралас аумақтардың тұрғындары арасында көптеген қақтығыстар туғызады, өйткені екі елдің аумағы да ауыл шаруашылыққа ыңғайлы, яғни халық егіншілікпен айналысады және дақылдарды уақтылы суару ауыл тұрғындары үшін жақсы өнім мен кірістің кепілі болып табылатынын атап айтқан. Аталған су мәселесі екі ел үшін де өте маңызды екені анық, оны Қырғыз Республикасының Қазақстандағы елшісі өз сұхбатында басты назарға алған. Қазіргі таңда жалпы Орталық Азия өңірі түрлі себептерге байланысты су ресурстарының тапшылығын сезініп отыр. Өңірдегі елдер климаттың өзгеруі, энергетикалық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және басқа факторлардың әсерін ескере отырып, су-энергетика мәселелеріне кешенді көзқарастың болмауы тұрақты дамуға кедергі келтіруі мүмкін екенін түсіну керек. Сондықтан Қырғызстан аймақтағы су ресурстарын кешенді пайдалануда Орталық Азияның барлық мемлекетінің оңтайлы дамуына бағытталған шаралар жүйесін анықтауды қолдайтындығын айтады. Осындай өзара іс-қимылдың мысалы ретінде Қырғызстан мен Қазақстанның Шу және Талас өзендері бойынша ынтымақтастығы тәжірибесін келтіреді. Сонымен қатар, Қазақстанның Қырғызстандағы гидроэнергетикалық жобаларға инвестиция құюын Қырғызстан тарапынан құптады. Бұл су-энергетика саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және нығайтуға күшті серпін береді. Қырғызстан өз тарапынан аймақ мемлекеттерінің мүдделерін ескере отырып, су-энергетика мәселелерінің барлық кешені бойынша жан-жақты және сындарлы диалогке әрқашан ашық (ИСПКВК, 2022)¹.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия мемлекеттері арасында шекаралас аудандарда өте қиын қарым-қатынастар пайда болды. Қазақстан және Қырғызстан мемлекеттік шекарасы туралы шартқа екі елдің президенттері 2001 жылы 15 желтоқсанда Астана қаласында қол қойды. Екі жақты қарым-қатынас 2000 жылдардан кейін қарқынды дами бастады, 2003 жылы Қырғызстан президентінің Қазақстанға ресми іссапары кезінде екі тарап одақтастық қатынастар туралы шартқа және екі мемлекет арасындағы экономикалық интеграция жөніндегі іс-қимыл жоспарына қол қойған болатын (ПКРВРК)².

¹ ИСПКВК – Интервью с Послом Кыргызстана в Казахстане Ж.Кулубаевым

² ПКРВРК – Посольство Кыргызской Республики в Республике Казахстан: Политическое сотрудничество

Қазақстан мен Қырғызстанның екіжақты қарым-қатынасында отын энергетика саласындағы серіктестік те маңызды орын алады. Сыртқы саясаттағы аталған бағытты Р.С. Бейсебаев қарастырған. Екі ел арасындағы отын энергетика саласында туындаған мәселелерге тоқталып, оларды шешуге болатынын айтқан. Көршілестік принципі – Қырғызстанның жанармай мәселесінде Қазақстанның маңызды рөлін айқындайтын басты фактор. Қазақстандық көмірмен қамтамасыз ету әлі де өзекті. Гидроэнергетикалық жобалар сәтті жүзеге асырылған жағдайда ғана Бішкек Қазақстандық қатты отынға тәуелділігін азайта алады. Келісім бойынша ЕАЭО шеңберінде Қазақстандық мұнай-газ өнімдеріне қол жеткізу ресейлік жеткізілімдердің монополиясын айтарлықтай төмендетуі мүмкін, бұл нарық жағдайында бәсекелестікке және мұнай өнімдерінің бағасының төмендеуіне әкелуі мүмкін екенін атап айтқан.

Қырғызстандық авторлардың еңбектеріне келетін болсақ, Қазақстанға деген қызығушылықтың салыстырмалы түрде жоғары екендігін байқаймыз. Яғни Қырғызстан үшін Қазақстанмен қарым-қатынасты дамыту, оның тарихын зерттеу өте маңызды. Авторлар екі ел арасында даулы мәселелерді анықтауға тырысады, соның бірі М.Бостанкулованың пікірінше КСРО кезеңінен бастап шаруашылық жүргізуші субъектілерден қалған қарыздар, алайда өзге авторлар бұл мәселеге тоқталмаған. Көпшілік қырғызстандық зерттеушілердің пікірінше су ресурстарын бөлу, көші-қон мәселесін заңнамалық реттеу, екі ел арасындағы құқықтық нормативтік базаны қалыптастыру салаларында шешу керек мәселелер бар екенін атап көрсетеді.

Ресейлік авторлар Е.А. Иванов және С.Ю. Малков Қазақстан мен Қырғызстандағы әлеуметтік-саяси тұрақсыздық деңгейіне, қазіргі кездегі екі мемлекеттегі жағдайға тоқталған. Ғылыми жұмыста Қазақстан мен Қырғызстанның өзара қарым-қатынасы жайлы кеңірек жазылмағанмен екі мемлекеттің әлеуметтік-саяси құрылымына, сыртқы саясатын жүргізудегі бағдарына салыстырмалы талдау жүргізіп, әлеуметтік-саяси дамуының мүмкін болатын сценарийлеріне болжам жасаған. Зерттеушілердің пікірінше биліктің бақыланатын трансферінің әрекетін яғни тұрақтылығын қазіргі таңда Қазақстанда байқауға болады, бұл кемінде байқалған қысқа мерзімде саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қырғыз Республикасы бұл жағдайда салыстырмалы түрде ілгерілеген. Алайда Қырғызстанға

жетіспейтін, бірақ Қазақстанға тиесілі ерекшелік – саяси тұрақтылық пен элиталардың ұзақ уақыт бойы қолданылып келе жатқан қандай да бір мәселе бойынша бір ауыздан шешім қабылдай алуға қол жеткізу қабілеті. Осыған сәйкес, Қырғызстанға мемлекеттілікті нығайту қажет деген пікір білдірген ресейлік зерттеушілер.

Өзбекстандық зерттеушілер В. Парамонов және А. Строковтың Орталық Азиядағы ынтымақтастық жолындағы негізгі проблемалар тақырыбындағы зерттеулерінде өңірдегі елдердің сыртқы саясатына болжау жасаған. Қазақстан мен Қырғызстанның сыртқы саясатындағы маңызды бағыттарына өздерінің көзқарастарын білдірген. Қазақстан тұрғысынан Қырғызстанға деген достық қарым-қатынасқа қызығушылық сақталып келеді, алайда өз тарапынан қойылатын белгілі талаптар негізінде жүргізуге ниетті. Сонымен қатар Қырғызстанның қолдауынан бас тартпай, Қазақстан аталған елдегі экономикалық белсенділігін төмендетуге және оны Мәскеу, Пекин қызығушылықтарымен ұштастыруға мәжбүр. Қырғызстанға келетін болсақ, дәстүрлі түрде Қазақстанға деген достық ара-қатынасты сақтау мемлекет үшін күн көрудің бір талабы ретінде қарастырған. Себебі, саяси, экономикалық және мәдени байланыстардан бөлек Қырғызстандағы жұмыссыздықты төмендетіп, күн-көріс деңгейіне екі ел арасындағы көші-қон үлкен әсерін тигізетінін атап айтқан.

Қазақстан мен Қырғызстанның қарым-қатынасын шетелдік зерттеушілердің еңбектерінің түйінін жасайтын болсақ, Үндістандық жазушы Таяу Шығыс, Орталық және Оңтүстік Азия бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген Дилип Хиро Қазақстан мен Қырғызстанның саяси және мәдени тарихына тоқталған. Ал қазіргі кездегі екі елдің дипломатиялық қатынастарына Ресей зерттеушілерінің қызығушылығының жоғары деңгейін көреміз, алайда зерттеліп отырған Орталық Азия мемлекеттеріне Өзбекстан, Беларусь, Жапония т.б. авторлардың жасаған зерттеулерінде әр түрлі мәселелерді жалпылама сипаттағанын, яғни әр мемлекеттің сыртқы саясатын бақылай отырып көзқарастарын білдіреді, осы тұста байқатынымыз нақты жүргізілген зерттеу жұмыстарының жүйеленбегені.

Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қарым-қатынасын бүгінгі күнге дейін зерттеулерде екіжақты қатынаста болған мәселелер, дамуы жайлы зерттеушілер өз көзқарастарын білдірген. Сонымен қатар соңғы жылдары екі ел арасындағы дипломатиялық қатынас арадағы

бар мәселелерге қарамастан қарқынды дамып келе жатқанын байқаймыз. Қазақ-қырғыз қарым-қатынасында жоғары басшылықтың байланысы айрықша рөл ойнайды. Қазіргі таңда екі мемлекет басшылары арасында белсенді саяси диалог орнаған. Мемлекет басшылары логистика, өнеркәсіптік кооперация, ауыл шаруашылығы, көлік және энергетика салаларында бірлескен кәсіпорындар ашып, жобалар құру нәтижесінде сауда деңгейін 2 миллиард долларға жеткізуді міндет етіп қойды. 2022 жылдың бірінші жарты жылдығында екі мемлекет арасындағы тауар айналымы 568 миллион долларды құраса, 2021 жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 24 пайыз өсімді көрсеткен (Дюшекеев, Д. Интервью, 2021). Бұл көрсеткіш аса үлкен болмағанмен нәтижеге бір қадам жақындағанның дәлелі. Мемлекет басшылары кездесуінде Қазақстан мен Қырғызстанның арасындағы аймақаралық ынтымақтастың дамуына ерекше мән беру керек екенін атап айтқан болатын, себебі ол қазақ-қырғыз қарым-қатынасын дамытуға ерекше әсер етеді. Осыны назарға ала отырып, мемлекет басшылары 2022 жылдың мамыр айындағы кездесуде екі елдің алты өңірі арасындағы ынтымақтастық туралы тиісті құжаттарға қол қойылғанын құптап, бірінші қазақ-қырғыз форумын өткізуді жоспарлады.

Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы ынтымақтастықтың тағы бір бағытының мысалы ретінде мемлекеттік ипотекалық компания мен Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арасындағы қол қоюды айтуға болады. Мемлекеттік ипотека саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум мемлекеттер арасындағы валюта нарығын дамытуға, тұрғын үй құрылысын жақсартуға бағытталған. Мұндай ынтымақтастық тек экономикалық саланы ғана емес, сонымен қатар белсенді әлеуметтік байланыстарға себеп болады. Экономикалық саладағы ынтымақтастықтың көрінісін 2018 жылғы 3 қазанда Бішкекте өткен бірінші отырысынан көруге болады, ол Қазақстан – Қырғызстан Іскерлік кеңесінің нәтижесі болып табылады. Шараға қатысушылар елдер арасындағы тұрақты экономикалық, саяси ынтымақтастықты атап өтіп, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымын арттыруға ниетті екендіктерін білдірді. Қазақстан тарапы су-энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм, көлік және коммуникация салаларында ынтымақтастық орнатуға ниетті екенін мәлімдеді. Іс-шараның нәтижесінде бірнеше келісімшартқа

қол қойылды. Яғни бұл жерден байқайтынымыз, екі мемлекет үшін әр түрлі салада бір-бірімен серіктес болудың тиімділігі жоғары екені.

Қазақстандық және Қырғызстандық авторлардың тек мақала деңгейіндегі зерттеулері, сонымен қатар Ресей, Беларусь, Үндістан, Жапон, Орталық Азия талдаушыларының, зерттеушілерінің, саясаттанушыларының еңбектерінде жалпылама Орталық Азия мемлекеттерінің қарым-қатынасына шолу барысында екі елге жекелей жасалған шолулары кездеседі. Талдаушылардың жұмыстары негізінен сипаттамалық түрде болады – олар Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың жай-күйін, тарихи-мәдени ұқсастығын жалпылай сипаттайды.

Қазақстан және Қырғызстан арасындағы екіжақты дипломатиялық қарым-қатынастың зерттелу деңгейін талдай отырып, келесідей тұжырымдамалар жасауымызға болады:

- Екі мемлекеттің арасындағы екіжақты қарым-қатынастың дамуы жоғары қарқындылығымен ерекшеленеді және тұрақты сипатқа ие;
- Қазақстан мен Қырғызстанның серіктестігі әр түрлі салада дамуда, олар: экономикалық, әскери, саяси, отын энергиясы және т.б.
- Екіжақты қарым-қатынаста Қырғызстанмен салыстырғанда Қазақстан экономикалық басымдылыққа ие.
- Қазақстан және Қырғызстанның дипломатиялық қарым-қатынасына арналған, осы уақытқа дейін жалпы зерттелген толыққанды жұмыстар жоқ.

Сонымен қатар екі мемлекет осы уақытқа дейін туындаған мәселелерді бейбіт түрде, мемлекеттердің ішкі және сыртқы мүдделеріне қайшы келмейтіндей шешіп келеді. Дегенмен, ғылыми еңбектерді зерттеу кезінде Қазақстан мен Қырғызстанның арасында шешілуі қажет мәселелер бар екенін байқаймыз.

Қорытынды

Мақаланың мақсатына сәйкес, Қазақстан мен Қырғызстанның дипломатиялық қарым-қатынасының ғылыми еңбектердегі зерттелу деңгейін анықтай келе, келесі тұжырымдарды жасаймыз:

– Қазақстандық зерттеушілердің көзқарасы бойынша Қырғыз Республикасы үшін қазіргі жаһандану жағдайында одан әрі экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, өз позициясын күшейту үшін Орталық Азиядан сенімді стратегиялық

серіктес қажет. Осы тұста тағы бір ескере кететін ақпарат, Қырғызстанның географиялық жағдайы оны әлемнің басқа аймағымен интеграциялану процесін едәуір қиындататыны. Ал Қазақстан аумағы арқылы Қырғызстан Ресейге, Европаға және одан ары әлемнің қалған бөлігіне шығуға мүмкіндік алады. Сол себепті Қырғызстан үшін Қазақстан маңызды стратегиялық серіктес, алайда зерттеушілер сонымен қатар құқықтық салада, көші-қон мәселелерін реттеуде, су ресурстарын бөлуде кездесетін мәселелерді шешу керек екендігін ескерткен.

– Қырғызстандық авторлардың еңбектеріне келетін болсақ, Қазақстанға деген қызығушылықтың салыстырмалы түрде жоғары екендігін байқаймыз. Яғни Қырғызстан үшін Қазақстанмен қарым-қатынасты дамыту, оның тарихын зерттеу өте маңызды. Авторлар екі ел арасында даулы мәселелерді анықтауға тырысады, соның бірі М.Бостанкулованың пікірінше КСРО кезеңінен бастап шаруашылық жүргізуші субъектілерден қалған қарыздар, алайда өзге авторлар бұл мәселеге тоқталмаған. Көпшілік қырғызстандық зерттеушілердің пікірінше су ресурстан бөлу, көші-қон мәселесін заңнамалық реттеу, екі ел арасындағы құқықтық нормативтік базаны қалыптастыру салаларында шешу керек мәселелердің бар екенін атап көрсетеді.

– Қазақстан мен Қырғызстанның қарым-қатынасын шетелдік зерттеушілердің еңбекте-

рінің түйінін жасайтын болсақ, Үндістандық жазушы Таяу Шығыс, Орталық және Оңтүстік Азия бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген Дилип Хиро Қазақстан мен Қырғызстанның саяси және мәдени тарихына тоқталған. Ал қазіргі кездегі екі елдің дипломатиялық қатынастарына Ресей зерттеушілерінің қызығушылығының жоғары деңгейін көреміз, алайда зерттеліп отырған Орталық Азия мемлекеттеріне Өзбекстан, Белорусь, Жапония т.б. авторлардың жасаған зерттеулерінде әр түрлі мәселелерді жалпылама сипаттағанын, яғни әр мемлекеттің сыртқы саясатын бақылай отырып көзқарастарын білдіреді, осы тұста байқатынымыз нақты жүргізілген зерттеу жұмыстарының жүйеленбегені.

Қорытындылай келе, зерттеушілердің жалпы ғылыми жұмыстарына шолу барысында ортақ бір ойды байқаймыз, Қазақстан мен Қырғызстанның саяси өзара қарым-қатынасын тереңдету, екі ел арасындағы келісім шарттарда көрсетілген экономика, ғылым және техника салаларындағы ынтымақтастықты іске асыру, екіжақты байланыстарды қарқынды дамыту, Орталық Азияның жаңа геосаяси өзгерістер кезінде өзара қарым-қатынасты тұрақты түрде сақтап, екіжақты пайда болған мәселелерді реттеп отыру екі елдің және тұтастай алғанда Орталық Азия өңірінің мүддесіне сәйкес келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- «Договор о вечной дружбе между Кыргызской Республикой и Республикой Казахстан» 15 октябрь 1992 г.
National Statistical Committee of the Kyrgyz Republic. International economic activity. Link: <http://www.stat.kg/ru/statistics/vneshneekonomicheskaya-deyatelnost/>
- МДТШ – Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 қараша N 287-І
- ИСПКВК – Интервью с Послом Кыргызстана в Казахстане Ж.Кулубаевым
- ПКРВРК – Посольство Кыргызской Республики в Республике Казахстан: Политическое сотрудничество
- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Сілтеме: https://www.stat.gov.kz/for_users/standard/report
- Дюшекеев Д. (2021) Интервью «Как развивались киргизско-казахстанские отношения в течение 30 лет» ЧПП КР в РК. Сілтеме: <https://inbusiness.kz/ru/news/kak-razvivalis-kyrgyzsko-kazahstanskije-otnosheniya-v-techenie-30-let>
- Лаумулин М.Т (2016) К вопросу о формировании постсоветской государственности в Средней (Центральной) Азии, Выпуск 5, том 9, 100-105 стр.
- Лаумулин М.Т. (2020) Международное положение и внутривосточное развитие современного Кыргызстана. Ссылка: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/3502>
- Бостанкулова М.Т. (2019). Развитие дипломатических отношений Кыргызстана и Казахстана в период социально-политических перемен. Наука, новые технологии и инновации № 3, 193-195 стр.
- Джумагулов А.М. (2018). Правовое регулирование двустороннего сотрудничества Республики Казахстан и Кыргызской Республики в сфере миграции. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы № 1 (37), 15-18 стр.
- Мамытов У.Ж. (2017). Межгосударственные отношения Кыргызстана и Казахстана (1991-1998 гг.). №. 5-6. С. 250-252
- Dadabaev T.M. (2016). Evaluations of perestroika in post-Soviet Central Asia: Public views in contemporary Uzbekistan, Kazakhstan and Kyrgyzstan.

Dilip Hiro. (2009). Inside Central Asia «a political and cultural history of Uzbekistan, Turkmenistan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkey, and Iran». NEW YORK: 141 Wooster Street New York, NY 10012, 234-236, pp 281-285.

Мамытов У.Ж. (2018) Сотрудничество Кыргызской Республики и Республики Казахстан в рамках региональной интеграции. №. 5-6. С. 160-163

Головина С.Ю. (2022) Трудовое право и социальное обеспечение в государствах ЕАЭС в условиях пандемии COVID-19: опыт Беларуси, Казахстана, Кыргызстана и России. №4 19-25 стр.

Иванов Е.А., Малков С.Ю. (2021). Анализ уровня социально-политической нестабильности в Казахстане и Киргизии: современное состояние и прогноз.

Makeeva S.B. (2019) Проблемы экономических взаимоотношений между странами ЕАЭС (Кыргызстаном и Казахстаном).

Парамонов П., Строков А. (2015) Основные проблемы на пути сотрудничества в Центральной Азии: прогноз внешней политики стран региона. Центральная Азия и Кавказ. Том 18. С. 74-83

Бейсебаев Р.С. (2017) Проблемы топливно-энергетического сотрудничества Кыргызстана и Казахстана на евразийском пространстве / Вестник Томского государственного университета/ История. – 2017. – №50. – С. 53-57

References

«Dogovor o vechnoy druzbe meжду Kyrgyzskoy Respublikoy i Respublikoy Kazakhstan» 15 oktyabr 1992 g. [“Treaty of Eternal Friendship between the Kyrgyz Republic and the Republic of Kazakhstan” October 15, 1992] (in Russian)

National Statistical Committee of the Kyrgyz Republic. International economic activity. Link: <http://www.stat.kg/ru/statistics/vneshneekonomicheskaya-deyatelnost/>

MDTS – Kazakstan Respublikasyi men Kirgiz Respublikasyi arasyndagyi Mangilik dostyik turaly sharttyi bekitu joninde Kazakstan Respublikasyinyin Zanyi 1998 jylgyi 9 karasha N 287-I [Law of the Republic of Kazakhstan on ratification of the Treaty on eternal friendship between the Republic of Kazakhstan and the Kyrgyz Republic] (in Kazakh)

ISPKVK – Intervyu s Poslom Kyrgyzstana v Kazakhstane ZH.Kulubayevym [Interview with the Ambassador of Kyrgyzstan to Kazakhstan Zh.Kulubayev] (in Russian)

PKRVRK – Posolstvo Kyrgyzskoy Respubliki v Respublike Kazakhstan: Politicheskoye sotrudnichestvo [Embassy of the Kyrgyz Republic in the Republic of Kazakhstan: Political cooperation] (in Russian)

Kazakstan Respublikasyi Strategiyalyk josparlau jane reformalar agenttigi Ulttyk statistika byurosyi. Silteme: https://www.stat.gov.kz/for_users/standard/report [Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms] (in Kazakh)

Dyushekeev D. (2021) Intervyu «Kak razvivalis kirgizsko-kazahstanskije otnosheniya v techenie 30 let» CHPP KR v RK. Silteme:<https://inbusiness.kz/ru/news/kak-razvivalis-kyrgyzsko-kazahstanskije-otnosheniya-v-techenie-30-let> [Interview “How Kyrgyz-Kazakh relations have been developing for 30 years”] (in Russian)

Laumulin M.T (2016) K voprosu o formirovanii postsovetskoy gosudarstvennosti v Sredney (TSentralnoy) Azii, Vyipusk 5, tom 9, 100-105 str. [On the issue of the formation of Post-Soviet Statehood in Central Asia] (in Russian)

Laumulin M.T. (2020) Mejdunarodnoe polojenie i vnutripoliticheskoe razvitie sovremennogo Kyrgyzstana. Ssyilka: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/3502> [The international situation and domestic political development of modern Kyrgyzstan] (in Russian)

Bostonkulova M.T. (2019). Razvitie diplomaticheskikh otnosheniy Kyrgyzstana i Kazahstana v period sotsialno-politicheskikh peremen. Nauka, novyie tehnologii i innovatsii № 3, 193-195 str. [The development of diplomatic relations between Kyrgyzstan and Kazakhstan in the period of socio-political changes. Science, new technologies and innovations] (in Russian)

Djumagulov A.M. (2018). Pravovoe regulirovanie dvustoronnego sotrudnichestva Respubliki Kazahstan i Kyrgyzskoy Respubliki v sfere migratsii. Kazak innovatsiyalyk gumanitaryk-zan universitetiniñ habarshyisyi № 1 (37), 15-18 str. [Legal regulation of bilateral cooperation between the Republic of Kazakhstan and the Kyrgyz Republic in the field of migration] (in Russian)

Mamytov U.J. (2017). Mejdunarodnyie otnosheniya Kyrgyzstana i Kazahstana (1991-1998 gg.). №. 5-6. С. 250-252 [Interstate relations of Kyrgyzstan and Kazakhstan] (in Russian)

Dadabaev T.M. (2016). Evaluations of perestroika in post-Soviet Central Asia: Public views in contemporary Uzbekistan, Kazakhstan and Kyrgyzstan.

Dilip Hiro. (2009). Inside Central Asia «a political and cultural history of Uzbekistan, Turkmenistan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkey, and Iran». NEW YORK: 141 Wooster Street New York, NY 10012, 234-236, pp 281-285.

Mamyitov U.J. (2018) Sotrudnichestvo Kyrgyzskoy Respubliki i Respubliki Kazahstan v ramkah regionalnoy integratsii. №. 5-6. С. 160-163 [Cooperation of the Kyrgyz Republic and the Republic of Kazakhstan within the framework of regional integration] (in Russian)

Golovina S.YU. (2022) Trudovoe pravo i sotsialnoe obespechenie v gosudarstvakh EAES v usloviyah pandemii COVID-19: opyt Belarusi, Kazahstana, Kyrgyzstana i Rossii. №4 19-25 str. [Labor law and social security in the EAEU States in the context of the COVID-19 pandemic: the experience of Belarus, Kazakhstan, Kyrgyzstan and Russia] (in Russian)

Ivanov E.A., Malkov S.YU. (2021). Analiz urovnya sotsialno-politicheskoy nestabilnosti v Kazakhstane i Kirgizii: sovremennoe sostoyanie i prognoz. [Analysis of the level of socio-political instability in Kazakhstan and Kyrgyzstan: current state and forecast] (in Russian)

Makeeva S.B. (2019) Problemyi ekonomicheskikh vzaimootnosheniy meжду stranami EAES (Kyrgyzstanom i Kazakstanom). [Problems of economic relations between the EAEU countries (Kyrgyzstan and Kazakhstan)] (in Russian)

Paramonov P., Stokov A. (2015) Osnovnyie problemyi na puti sotrudnichestva v Tsentralnoy Azii: prognoz vneshney politiki stran regiona. Tsentralnaya Aziya i Kavkaz. Tom 18. S. 74-83 [The main problems on the path of cooperation in Central Asia: the forecast of the foreign policy of the countries of the region. Central Asia and the Caucasus] (in Russian)

Beisebaev R.S. (2017) Problemyi toplivno-energeticheskogo sotrudnichestva Kyrgyzstana i Kazahstana na evraziyskom prostranstve / Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta/ Istoriya. – 2017. – №50. – S. 53-57 [Problems of fuel and energy cooperation between Kyrgyzstan and Kazakhstan in the Eurasian space] (in Russian)